



*ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ТЕРМИН ҚАБЫЛДАУ
ҮДЕРІСІ ЖӘНЕ ВАРИАНТТЫЛЫҚ, ОНЫҢ ТІЛДІК
НОРМАҒА ӘСЕРІ*

Зерттеуші-ғалымдардың тұжырымы бойынша:

Бір қарағанда, терминология саласы өзінің шектеулі параметрлерімен ерекшеленсе, екінші бір жағынан, қарапайым сөйлеумен үнемі өзара әрекеттестікте болады. Әрбір қарапайым сөз арнаулы сөздікке енгізілуі арқылы термин болып, әрбір термин аталушы затпен дәл сәйкестігін жоғалту негізінде қайтадан күнделікті сөйлеуге оралуы да мүмкін» – деп жазады да терминнің негізгі тілдік сипаты жүйе ұғымымен байланыстырады: «терминнің ерекше қызметі сол терминнің кіретін жүйесімен анықталады, жүйеден тыс болған жағдайда ол өзінің терминдік сипатын жоғалтады». Терминологияға қатысты зерттеулердің басым көпшілігінде терминнің жүйелілік табиғаты «нақты бір білім саласының ұғымдар жүйесін қалыптастыру қабілеті», «терминнің терминдер жиынтығын құрап көрсету қасиеті

Тілдегі термин үдерісі – лексиканы зерттеудегі, семантикадағы негізгі ұғымдардың бірі болып табылады. Бұл ұғым лексикалық семантиканың басты мәселелерін шешуде лексиканың жүйелілігін басшылыққа алатын қағидаға негізделген, өйткені өрісті және оның құрылымын анықтауда лексикалық бірлікте жеке күйінде емес, жүйеленген бір топ түрінде қарастырылады. Өріс теориясы лингвистикада тек қана сөздерді зерттеуде ғана қолданылмайды, сонымен бірге соңғы кездері тілдің фразеологиялық құрамын зерттеуде де кеңінен қолданылып жүр. Егер лексикада әр түрлі лексика-семантикалық өріс зерттелсе, фразеологияда лексика-фразеологиялық өріске көңіл бөлінеді.

• **Сөйлеу әрекетіне байланысты сөздердің ЛСТ:**
айту, сөйлеу, жеткізу, сұрау, жалтару, жауап беру,
баяндау, әңгімелеу, күбірлеу, дауыс ету т.б.

• **Хабарлауға байланысты сөздердің ЛСТ:**
хабарлау, хабардар ету, құлақ қағыс ету, аузы
бару., дәлелдеу, жар салу, жариялау т.б

• **Сөйлеуге қатысты сөздердің ЛСТ:**
• жиналыс, мәжіліс, айтысу, ақылдасу, әзілдесу,
сырласу, сөйлесу, мылжыңдау, уәделесу т.б.

Тақырыптық топ


Тақырыптық топқа енетін лексемалар болмыстағы заттар мен құбылыстардың өзін таңбалайды, сондықтан олардың арасында ұғымдық және мағыналық жақындықтың болуы шарт емес. ТТ-қа енетін сөздер бір-бірімен мағыналық жағынан байланыстыа болмайды. ТТ-ға енетін лексемалар саны ЛСТ-мен салыстырғанда әлдеқайда көп болуы, бір ғана ТТ-ның ішінде бірнеше ЛСТ болуы да ықтимал. ТТ-ға енетін лексемалар құрамдық, құрылымдық, мағыналық жағынан әр алуан болып келе береді, сөздердің лексикалық мағынасының жақындығына негізделмейді, тек заттар мен құбылыстардың танымдық жақындығына сәйкестендіріледі.

ӨРІС ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

- *1) өріс жүйелі қатынастар арқылы бір-бірімен байланысқан әр түрлі тіл деңгейлік құралдардың жиынтығы болып табылады;*
- *2) бұл құралдардың ортақ мағыналары болады;*
- *3) өріс бір-біріне қарама-қарсы ең кемінде екі мағынадан тұрады;*
- *4) өріс көлденең және тік кесінді түрінде көрсетуге болатын күрделі құрылымға ие. Өрістің көлденең кесіндісі бойында оның семантикалық түрлері - микроөрістер, ал тік кесіндісі бойында оны құрайтын тілдік құралдар орналасады.*

МАҒЫНА ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ (А.САЛҚЫНБАЙ БОЙЫНША)

Сөздің атауыштық
мағынасы



Уәжді мағына типі



Синтагматикалық
мағына типі

- *Сөздің атауыштық мағынасы*

- Ғ.Қалиев,Ә.Болғанбаевтың пайымдауынша, «сөздердің шындық болмыстағы заттар мен құбылыстарға, олардың белгілеріне қатыстылығымен байланысты пайда болған.» атауыштық мағына екіге бөлінеді: тура мағына және ауыспалы мағына.
- **Тура мағыналы** сөз шындық болмысты нақты бейнелеп, қазіргі тіл жағдайында негізгі атау ретінде алынады.
- **Ауыспалы мағыналы** – негізгі мағына арқылы жасалған екіншілік мағына, қызметтік ассоциациялық байланысқа негізделген семантикалық туынды мағына.

- **Уәжді мағына** – уәжделу процесінің нәтижесінде жасалатын атау мағынасының уәжделетін сөз мағынасына негізделуі. Ол іштей екіге бөлінеді: уәжді, уәжсіз.

Уәжді мағына түбір сөздің мағынасы арқылы негізделген туынды екіншілік мағына.

Қазіргі қазақ тілі үшін бір буынды сөздердің мағынасы **уәжсіз мағына** саналады.

М: ат, ет, от, ұш, ық, өт, ұт т.б